

С.А. Кенжеғалиев¹, Д.Қ. Бергібаева^{2*}, А.Е. Жартыбаев³

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;
³«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: ¹sayan582@mail.ru; ²dinara.kaldybekkyzy@mail.ru; ³as.zhar@mail.ru)

Ділдік лексиконның тіл үйретудегі ерекшеліктері

Мақала ділдік лексиконның сипаттамасы мен тіл үйрету әдістемесі арасындағы ортақ тұстарды, ділдік лексиконның тіл үйретудегі орны мен маңызы, оның құрылымы және сөздік қордан айырмашылықтары жайлы ақпаратты қамтиды. Ділдік лексиконның лексикалық желілермен, ассоциативті топтармен арасындағы тығыз байланысты ашып көрсетеді. Мақаланың әдісі ретінде сипаттамалық әдіс таңдалды. Соның негізінде «Жаңа сөздерді жаттау қалай жүзеге асады?», «Олар сөздік қорға қалай енеді және белсенді қолданысқа қалай түседі?», «Сөздердің сөйлеуге айналуына қандай үдерістер көмектеседі?» секілді өзекті сұрақтарға жауап береді. Өртүрлі ғылым салаларымен байланыста қарастырылатын ділдік лексиконның отандық және шетел тіл білімінде зерттелуі жайлы айтылады. Оның тіл үйретудегі ерекшеліктерін санамалап көрсетеді және негізгі қағидаларын айқындайды.

Кілт сөздер: ділдік лексикон, лексикалық желілер, семантикалық байланыс, перцептивті сөздік, лексикалық үйлесімділік, әдістеме.

Kipicne

Ділдік лексикон сөздің мағынасы, айтылуы, синтаксистік ерекшеліктері және өзге де ақпараттарды құрайтын ділдік сөздік секілді түсіндіріледі. Оның лексикадан айырмашылығы да сол, жай ғана сөздік қор емес, сөздердің белсенді қолданысы, сақталуы, өңделуі және сөйлеушінің қолдана алуы секілді әрекеттерге қатыстығында. Адамның ділдік лексиконы жаңа сөздерді жаттау мен үнемі дамыту негізінде өседі және өзгереді. Алайда оның дәл қалай жүзеге асатындығы жайлы пікірлер әртүрлі. Ділдік лексикон туралы Шиллердің теориясы спектр теориясын, қос кодтау, Хомскидің теориясы мен семантикалық байланыс теориясын құрайды. Сондай-ақ, А. Тайх, К. Ганье сөздерді визуалды түрде елестетуге көмектесетін ми қабаттарын зерттеуде. Бұдан бөлек Т. Сполдинг, О. Бонами еңбектерінде ділдік лексиконның кейбір физиологиялық, әлеуметтік және лингвистикалық қырлары қарастырылуда [1].

Қазақ тіл білімінде ділдік лексикон жайлы мәліметтер аса көп болмағанымен, осы бағыттағы зерттеулерге жақсы ден қойылып келеді. Оның бастауы, әрине, А. Байтұрсынұлының еңбектерінен көрінеді. Ғалым «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде адамның тілді қолданғандағы мінез-құлықтық әрекеттерін көрсетеді. Ал ділдік лексикон, жоғарыда айтқанымыздай, жай ғана сөздік қор емес, сол сөздердің қолданылуы, таным әрекеті секілді әртүрлі ақпараттарды қамтиды. А. Байтұрсынұлы «Ойыңдағы, қиялыңдағы, көңіліңдегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын. Сөз өнері жүзінде асқан өнерпаздар мүддесін тілмен айтып жеткізе алмай, сондай қиналғанда, өзгелерге ондай іс оңай болып табылар ма? Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді. Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, Сонда да ішінде бар таңдамасы. Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын Қазақтың келістірер қай баласы? — деп Абай айтқандай, сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндері аз болады. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді». Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады», — деп көрсетеді [2, 10].

Ділдік лексикон тігінен және көлденеңінен бір-бірімен тығыз байланысқан күрделі әрі көп деңгейлі құрылымнан тұрады. Тіпті деңгейлер арасында ғана емес, бір деңгейдің өзінде де бірнеше байланыс болуы мүмкін. Ақпараттың қандай күйде қай деңгейде сақталатындығы және қалай қолданылатындығы жайлы айту үшін ең алдымен ділдік лексиконның өзіне кеңінен тоқталған жөн. Ділдік лексиконның кез келген деңгейінде оның бірліктері ретінде сөз формалары қарастырылады.

Ділдік лексиконның ең бірінші (төменгі) деңгейінде тек сөз формалары болады. Оны басқаша «перцептивті сөздік» деп атайды [3, 15]. Бұл сөздіктің бірліктері есту жүйесінің бірінші деңгейіндегі сөйлеу сигналымен бірдей белгілермен сипатталуы керек. Бұл — ассимиляция, ақырғы саңырау/дауыстау және т.б. ережелерін ескеретін субъективті аллофондар жиынтығы. Дауыстау арқылы есту импланттары бар науқастар сөйлеуді түсінуге, үйренуге қабілетті екендігі айтылады. Алайда олармен күресуге тура келетін сигналдың спектрлік-уақыттық сипаттамалары әдеттегі сөйлеуде байқалған түрлерінен айтарлықтай ерекшеленеді. Лексиканың осы бөлігін және жалпы жүйені модельдеу кезінде сөз формаларын сипаттау үшін таңбалармен шектелу жеткілікті. Ділдік лексиконның алғашқы бөлімінде мағынасы жағынан әртүрлі сөздер бірдей дыбыстық күйде (омофонмен) ұсынылады. Мәселен, жүз (зат есім), жүз (етістік), жүз (сан есім). Осындай омофондардың кез келгенін кіріс сөйлеу сигналында табу сөздіктің келесі деңгейіндегі тиісті элементтердің бірден іске қосылуына әсер етеді. Ол омофондардың грамматикалық сипаттамаларын сипаттаушылармен және тілде пайда болу жиіліктерімен (дәлірек айтсақ, белгілі бір ана тілі үшін субъективті жиіліктермен) қамтамасыз етіледі. Сөздің мағынасын түсіну мүмкіндігі немесе ондай қажеттілік болмаса, бұл деңгейді қолдану дыбыстық мәтінді сәтті қабылдау үшін жеткілікті болуы мүмкін. Алайда осы үдеріс жүзеге асуы үшін ана тілінде сөйлейтін адам сөздің лексикалық-грамматикалық құрылымын дұрыс тануы тиіс [4, 39]. Бұл деңгейдегі сөздік бірліктердің «символдық» сипаттамасы қандай екенін нақты айту мүмкін емес. Бұл үшін бірдей субъективті аллофондар қолданылуы мүмкін. Бірақ олардың графемалар еместігін ескерген жөн. Мұндай бөлімнің құрылымы және оның қалған бөліктерімен байланыс жүйесі арнайы зерттеулер мен модельдеудің тақырыбы болуы қажет. Сонымен, ділдік лексикон пәні тілді қолдану, меңгеру, қабылдау сияқты психикалық үдерістермен байланысты. Сондықтан тіл үйретуде оны тиімді қолдануға болады. Тіл үйретуге қатысты әдістемелер түрі өте көп. Дегенмен ол әрбір адамның деңгейіне сай жеке дайындалуы тиіс. Яғни жалпыға ортақ деңгейлерден бөлек әрбір үйренушінің есте сақтау қабілеті, ақпаратты қабылдауы, қисынды ойлауы сияқты жеке қабілеттері, психологиялық ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Мұның себебін ділдік лексикон арқылы түсіндіруге болады. Бұл мақалада ділдік лексиконның тіл үйретудегі ерекшеліктері сипатталады.

Әдісі

Тілді дамытуға және тануға жан-жақты мән беріліп отырған қазіргі кезеңде тіл антропоэзектік бағытында қарастыруымен сипатталады. Демек, бұл — тілді зерттеудің мүддесін нысаннан тұлғаға аудару, яғни адамды тіл арқылы және керісінше, тілді адам арқылы анықтау. Сондықтан жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес тілді зерттеуде негізгі назар тілдік жеке тұлғаға аударылады, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, тілаларлық теориялық негіздер қалыптаса бастады. Атап айтқанда, антропоэзектік парадигма бірінші орынға адамды шығарады да, тіл адам психикасын құрастырушы сипатта қарастырылады. Мақала ділдік лексикон жайлы жалпы түсінікпен қатар оның тіл үйретудегі орнын, айрықша белгілерін талдауға бағытталған. Соған сай зерттеу әдісі ретінде сипаттамалық әдіс қолданылады.

Нәтиже мен оның талқылануы


Жеке талқылау мен зерттеу ділдік лексиконның әр бөлімінде (деңгейлерінде) сөздік бірліктерді топтастыру қағидаларын талап етеді. Мұның бәрі шетел ғалымдарының зерттеулерімен қатысты болса, енді қазақ тіліндегі ділдік лексиконның сипаттамасын түсіндірейік. А. Байтұрсынұлының келтірген тұжырымдары әр адамның ділдік лексиконына байланысты тілді қолдану ерекшеліктері де түрліше болады деген теорияға саяды. Бұдан бөлек ол адамның тілді қолданудағы ерекшеліктеріне де тоқталады: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-шарқынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады. Ол — айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын, әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі. Шеберлердің қолынан шыққан нәрселермен таныс адам, сол шеберлердің істеген нәрселерін қай жерде көрсе де айтпай таниды. Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі — тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әдеттенуінен, салттануынан

болады» [2, 11]. Яғни тілді меңгеру — жай ғана барлық сөзді білу ғана емес, оларды орнымен дұрыс жұмсай алу. Бұл ділдік лексиконға беріліп жүрген қазіргі анықтамалармен мәндес екендігі сөзсіз. Әр адамның тіл қолданудағы ерекшелігін автор былай көрсетеді: «Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әртүрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [2, 18]. «Лебіз ашық мағыналы болу үшін, айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін ашық атайды да, көмескі танитын сөзін көмескі, күнгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап жорып, ұйғарып қана қоямыз» [2, 20]. Байқасақ, ғалым ділдік лексиконның қазіргі теорияларын жан-жақты түсіндіре алған. Әсіресе, сөзді қолданудағы адамның жеке мінез-құлықтық ерекшеліктерін атауы — тіл үйренудегі әдістеме мен ділдік лексиконның тығыз байланысының көрінісі. Кейбіреулер тілді тез үйренеді, әсіресе, бірнеше тіл білетіндерге жаңа тілді үйрену қиындық тудырмайды деген сынды мифтер өте көп. Шын мәнінде, тіл үйрену көп тіл білетіндігіне емес, әр адамның жеке қабілеттеріне байланысты екендігі анық. Тек мұның барлығы түптеп келгенде ділдік лексиконмен байланысты. Сонымен, ділдік лексикон — көп қырлы ақпаратты біріктіретін күрделі құрылымдардың бірі. Бұл мақалада біз оның тіл үйренудегі ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Тіл үйренудегі басты құрылымдардың бірі — лексикон. Адамдар тіл үйрене бастағанда жасалатын алғашқы қадамдардың бірі — сол тілдегі сөздердің негізгі тізімін жаттау. Яғни ең жиі қолданылатын сөздерді есте сақтау. Элман бастаған зерттеушілер де дәл осындай бағытты ұстанып, тілді сипаттаудағы бастапқы нүкте лексикон деген тұжырымға келген [5, 185]. Алайда тілді қолданатын әрбір адамның жаттаған сөздері мида түзілетіндігі жайлы ойлар түрлі сұрақтарды тудырады. Ал ділдік лексиконның теориялық не басқа құрылым екендігі, лексикалық ақпараттың қалай сақталатындығы жай ғана сұрақтар болып көрінгенімен, психоллингвистика үшін өзекті зерттеу объектісіне айналып отыр. Оксфорд университетінің жүргізген зерттеуіне сәйкес лингвистер мен психологтардың арасында ділдік лексиконның барына сенбейтіндер де кездеседі және оның концепциясына қатысты пікір таластыратындар көп [6, 201]. Ділдік лексиконға қатысты Хомскидің теориясында оның белгілі бір сөздіктегі сөздер туралы білімімізге жауап беретіндігі жайлы айтылады [7, 158]. Ал семантикалық байланыс теориясында ділдік лексикон өте күрделі нейрондық тізбектердің жиынтығы ретінде қарастырылады [8]. Семантикалық байланыс теориясы, семантикалық байланыстың бір жібі белсенді түрге ауысқанда орындалатын активация идеясын таратуды ұсынады. Оның ұзақ уақыт бойы жіті зерттелген үш түрлі әдісін көрсетуге болады: толықтыру эффектісі, қатарлас эффектісі және жиілік эффектісі [9, 32].

Тіл білу дегеніміз — сөздердің мағынасын түсіну ғана емес, ол сөздерден дұрыс сөйлем құруға қажетті ережелерді білу. Сөздік қорды толықтыру — күрделі үдеріс. Жаңа лексемаларды үйрену, олардың актив не пассив қолданылатын сөздік қорға ауысуы әрбір үйренуші үшін әртүрлі деңгейдегі дайындықты қажет етеді. Сөзді өнімді қолдану үшін оны жай ғана жаттап алу жеткіліксіз, одан бөлек сөйлеу формасы, әдеби формасы, мағыналары, грамматикалық сипаттамалары, сол сөзбен келетін тұрақты тіркестер, ассоциациялар, т.б. білу аса маңызды. Ал басты компоненттердің бірі — лексикалық үйлесімділік. Дәл осы категорияны қаншалықты жақсы меңгергеніне байланысты үйренуші өз ойын соншалықты жақсы жеткізе алады. Мысалы, «алғаш» және «тұңғыш» сөздері синонимдес болып көрінгенімен, екеуінің мағынасы әртүрлі, сондықтан бірінің орнына бірі жұмсала алмайды. Мысалы, «тұңғыш президент» тіркесін «алғаш президент» деп айта алмаймыз. Демек, дұрысы — алғаш рет. Тұңғыш президент алғаш рет 1991 жылы сайланды. Сол сияқты, «үлкен» және «мол» сөздерін қарастырайық. Үлкен сын. Көлемі жағынан аумақты, зор, дәу. Мол сын. Аса көп, жетерлік. Үлкен сөзінің семантикалық компоненттері: 1) әңгірдеу, дәу; 2) ауқымды, көлемді; 3) басты, маңызды. Мол сөзінің семантикалық компоненттері: 1) аста-төк; 2) толық; 3) жетерлік; 4) көлемді; 5) аса көп. Ортақ сема: көлемді. Айырушы семалар: Үлкен — дәу. Мол — жетерлік. Үлкен компонентінде ауқымдылық, ал мол компонентінде аса көп семасы басым. Мәселен, «Мемлекеттік қызмет үлкен тәжірибе» деген сөйлем қате болады. Сондықтан сөзді толық үйрену үшін оны лексикалық бірліктермен бірнеше рет қолдану қажет. Біз есте сақтайтын лексиканы «ділдік лексикон» терминімен түсіндіруге болады. Яғни тіл үйренудің белгілі бір кезеңінде адамға белгілі сөздердің жиынтығы [10, 15]. Ділдік лексиконда сөз лексикалық бірлік ретінде қарастырылады. Мұнда тиісті лексемаға қатысты тұжырымдамалық, семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ақпараттың барлық түрлері сақталады [11, 51]. Аталған ақпараттармен бірге «энциклопедиялық» білім және үйренушінің күнделікті тәжірибесінен алынған сөз туралы ақпарат біріктіріледі.

Осылайша, ділдік лексикондағы сөз мағыналар желісімен байланысты лексема ретінде түсіндіріледі. Ал лексиконның құрылымы және сөздердің қалай біріктірілетіні «желілік теориялармен» түсіндіріледі [12, 72]. Психолінгвистердің пікірінше, ділдік лексикондағы сөздер белгілі бір лексикалық-семантикалық топтар мен тақырыптар, сондай-ақ ассоциативті топтар бойынша үлкен лексикалық желілер ретінде топтастырылған. Сөздер семантикалық белгілері бойынша олардың жиынтығымен тығыз байланысты деген тұжырымдар бар [13, 84]. Лексикалық желілер ең қажетті және күрделі деп танылатын синтагматикалық байланыстарды, сөз белгілі бір құрылымда белгілі бір мағынаға ие болған кезде сөз тіркесі немесе сөйлемнің құрамында қалай қолданысқа түсетіндігін, фонетикалық немесе орфографиялық белгілері бойынша ұқсас сөздерден тұратын ең әлсіз байланыстарды тануға көмектеседі. Сондықтан ділдік лексиконның желілік құрылымы көпөлшемді ретінде көрінеді, сәйкесінше, сөздерді үйрену және есте сақтау — өте күрделі үдеріс. Ана тіліңмен түбі бір тілді үйренуде сөздік қорды толықтыру сәл өзгеше. Өйткені үйренушінің ана тілін меңгеру тәжірибесі бар және ол «когнитивті түрде жетілген», сондықтан ана тілінің сөздік қорын шет тілінің сөздігі ретінде қайта құру жеткілікті [14, 42]. Осы байланыстар арқылы мида пайда болатын мағыналар көбіне үйренушілердің жеке тәжірибесіне, сондай-ақ олар өмір сүретін қоғамның әсеріне байланысты. Сәйкесінше, сөздік қор мен лексикалық желі энциклопедиялық білімге сай әр адамда әртүрлі екенін ескерген жөн. Қазіргі таңда сөздер арасындағы байланысты анықтайтын ділдік лексиконның құрылымын, байланыстары мен сипаттамаларын түсіну үшін лексикалық желілерді зерттеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл негізінен доминантпен тығыз байланысты тақырыптық топтарды зерттеу арқылы жасалады. Тілді меңгеру деңгейін және психикалық желінің қалай құрылғанын білудің өте қызықты тәсілі — белгілі бір сөздің ассоциацияларын анықтау. Психологтар бұл әдісті бастапқыда психоанализ үшін қолданған, кейін лингвистикада кеңінен қолданыла бастады. Әдістің мәні мынада: үйренушіге сөздер жиынтығы беріледі, ол осы сөздерді оқығанда пайда болған бірнеше ассоциацияларды жазуы керек. Ассоциациядан туындаған алғашқы сөзге назар аудару өте маңызды. Содан кейін оның бастапқы сөзбен байланысын талдау қажет, нәтижесінде лексиканың желілік құрылымы туралы түсінік алуға болады. Бұл өз кезегінде жаңа лексиканы үйрену құрылымының басым құрамдас бөлігі ретіндегі оқу үдерісін түсінуге және жетілдіруге көмектеседі. Мысалы, «дәптер, қалам, кітап, тақта» деген тізбектен негізінен «оқу, мектеп, сабақ» сынды ассоциациялар туындайды. Осындағы «оқу» сөзінің «дәптер» сөзімен байланысын қарастырып көрейік.



Демек, екі сөздің арасында «жазу» деген ортақ семаның барын байқаймыз. Сол сияқты, ассоциациядағы әрбір сөзді тізбектегі сөздермен байланыста талдау арқылы лексиканың желілік құрылымын анықтауға болады. Оқыту кезінде ділдік лексиконды психолінгвистикамен байланыстыра зерттеу маңызды. Мұны ассоциативті модельдер арқылы жасау оңайырақ. Бұл оқыту әдістерін жақсарту үшін қажет, өйткені көп жағдайда үйренушілердің лексикалық деңгейде сөздік қоры жақсы болғанымен, семантикалық үйлесімділік жайлы білімі нашарлау болып келеді. Сондықтан ділдік лексикондағы лексикалық желілердің белгілі бір моделі болатын, үйренетін тілдің нормаларына сәйкес келетін нақты тілдік шекаралары бар сөздік құру қажет. Бұл белгілі бір сөздер

арасындағы нақты қатынасты анықтауға және синтагматикалық, парадигматикалық байланыстарды орнатуға көмектеседі.

Сөздер дыбыстан сөйлеуге дейінгі және графема-тофонемадан жазудағы мағынаға дейінгі камтиды. Ал өмір бойы ми қатпарында сақталатын және ауызша, жазбаша мәтіндерді түсіну үшін қолданылатын сөздердің жиынтығы ділдік лексикон ретінде белгілі. Ділдік лексикон фонологиялық және орфографиялық құрылымдарды, танымдық жүйемізде есту және визуалды белгілер негізінде қалыптасқан дерексіз құрылымдарды камтиды [15]. Сәйкесінше, лексикалық жазба — сөздің орфографиялық және фонологиялық ерекшеліктері, семантикалық мағынасы көрсетілген, сөздің ділдік абстракциясы. Осылайша, адам сөзді визуалды тұрғыдан елестеткенде, сол сөздің лексикалық жазбасы оның визуалды көрінісінің іске қосылуы арқылы автоматты түрде жарыққа шығады. Мұндай қарапайым қағида жазылған сөздердің ділдік лексиконда қалай өңделіп, көрініс табатындығын түсіну үшін маңызды. Сөзді визуалды тұрғыдан тану — оқудың негізгі кезеңі. Сөздердің мида (санамызда) қалай сақталатындығы және олардың қалай сөйлеуге айналатындығы ғалымдарды үнемі қызықтырады. Сөзді дұрыс анықтау үшін визуалды жүйе сөзді дұрыс қабылдап, оны басқа лингвистикалық емес визуалды стимулдардан ажырата алуы қажет. Ол үшін жүйе әріптердің тобын дұрыс қабылдап, ақпаратты ажырата алуы тиіс. Жүйе көріністегі сөзді танығаннан кейін оны кодтаудың, яғни қалған барлық басқа сөздерден ажыратудың бірнеше қадамы жасалады. Сөзді тану үшін жүзеге асатын негізгі екі үдеріс бар: орфографиялық және фонологиялық үдерістер. Оқырман сөзді көргенде немесе естігенде, оқығанда, ең алдымен визуалды орфографиялық енгізу іске қосылады, яғни әріптер танылып, тізбекке құралады. Орфографиялық мәліметтің негізінде фонологиялық есептеу жүргізіледі. Бұл үдеріс активтелген әріптерді фонемалармен, яғни орфографиялық көріністі фонологиялық көрініспен сәйкестендіруді камтиды. Осылайша, когнитивті жүйенің жұмысын былай түсіндіре аламыз:

а) біріншіден, когнитивті жүйе сөйлеу және оқу тәжірибесі негізінде қалыптасқан, өзара байланысты екі репрезентациямен жұмыс істейді;

ә) екіншіден, жазылған сөздің нақты танылуы визуалды орфографиялық көмекке сүйенеді, яғни әріптер жолын кодтайтын болсақ, берілген сөзге қатысты енгізілетін деректерді ділдік лексиконымызда сәйкестендіре аламыз;

б) сөзді таңдаудағы механизмде фонология орталық қызметін атқарады, себебі орфографияға қай сөздің танылуы мүмкін екендігімен байланысты шектеулерді жоюға көмектеседі.

Лексикалық қолжетімділіктің динамикасын зерттеуге көмектесетін екі классикалық тапсырма бар: лексикалық шешім мен дауыстап оқуға қатысты тапсырмалар. Бұлардың көмегімен лексикондағы сөздерге қалай қол жеткізуге болатындығы жайлы маңызды ақпарат алынады. Мысалы, жиі кездесетін сөздерді сирек кездесетін сөздерге қарағанда тану оңайырақ. Өйткені жиі кездесетін сөздер лексиконда көбірек көрініске ие. Жиі кездесетін қатарластары (берілген сөзге қарағанда әлдеқайда жиірек кездесетін орфографиялық жағынан ұқсас сөздер) бар сөздерді сирек кездесетін қатарластары бар сөздерге қарағанда тану әлдеқайда қиынырақ. Өйткені бірінші жағдайда таңдауда бәсекеге түсе алатын бірнеше көріністі анықтауға болады. Әрбір тапсырманың өз ерекшелігі бар. Сөзді тануға арналған лексикалық тапсырмада үйренуші экрандағы суретті сөзбен айтуы керек. Ал «дауыстап оқу» тапсырмасында сөздер экраннан көрінеді және тапсырманың аты айтып тұрғандай қатысушылар оны дауыстап оқулары тиіс. Екі тапсырма да сөздік қорға қатысты болғанымен, оны әртүрлі жағынан түсіндіреді. Лексикалық тапсырмада реакция уақыты, қателер пайызы сөздікқорды және оны байытудың жолын көбірек көрсете алады. Ал екінші тапсырма фонологиялық қайта кодтауға және өндіруге байланысты оқу кезіндегі үдерістерді көбірек танытады. Сондай-ақ, сөздерді сәйкестендіру механизмдеріне қатысты классикалық тапсырмалар да ұсынуға болады. Ал сөздерді эксперименттік парадигма тұрғысынан зерттеу үшін перцептивті үдерістер, орфографиялық және фонологиялық тұрғыдан кодтау қалай және қашан пайда болатындығын зерттеу үшін лексикалық емес үдерістер және кодтаудан кейін неге кейбір сөздердің басқаларға қарағанда оңайырақ анықталатындығын білу үшін лексикалық үдерістер жүзеге асуы қажет.

Мидағы әріптерге сөздерді сәйкестендіру үдерісінің алғашқы қадамдарының бірі — визуалды қабылдау. Жүйе сөздер тобын қабылдауы керек, содан соң уақыт өте келе әріптік белгілер айқынырақ бола түседі. Бұл төмен деңгейлі үдеріс сөзді анықтаудың алғашқы кезеңдері ретінде танылады және осы деңгейде сөздердің визуалды ерекшеліктерін перцептивті талдау арқылы анықтауға болады. Осы ерте кезеңдердегі перцептивті әсерлерді бекіту үшін зерттеушілер қысқа мерзімді қамтитын парадигмаларды қолданады. Ол үшін, мәселен, әріптерді іздеу тапсырмасын ұсынуға болады.

Әріптерді іздеу тапсырмасында үйренуші алдын ала белгіленген әріпті анықтауы керек, содан кейін осы әріптер арқылы сөз құрастыруы тиіс. Әдетте бұл үшін үйренушілерге белгілі бір уақыт беріледі. Бұл тапсырма визуалды жүйенің ерекшелігін анықтауға арналған. Себебі сөздердің орфографиялық құрылымы негізінде әріпті анықтау үшін үйренуші визуалды белгі арқылы орфографиялық тұрғыдан талдау қажет сөзге назар аудармай, бар зейінін әріпке қоюы тиіс. Осылайша, бақыланатын іздеу функциясы үйренушілердің тапсырманы орындауы кезінде қолданатын төмен деңгейлі қабылдау үдерістерін көрсетеді деп есептеледі. Осындай іздеу функциясы арқылы әрбір әріпті табу реттілігі және үйренушінің жіберген қателіктері белгілі бір деңгейде оның ділдік лексиконының деңгейін танытады. Себебі соңғы әріптерге қарағанда бастапқы әріпті тануға аз уақыт кетсе, визуалды іздеу функциясының дұрыс дамығанын байқауға болады. Сондай-ақ, бұл солдан оңға қарай қабылдаудың дәйекті стратегиясын көрсетеді. Орталық әріптерді басқаларға қарағанда анықтау оңайырақ болса, бұл үйренушінің дүниетанымдық ерекшеліктерін таныта алады. Орталық әріптерден гөрі соңғы әріптерді жақсырақ тану нәтижелері мынаны көрсетеді:

а) үйренушілер өз сөздерінің қаңқа құрылымы туралы түсінікке ие және белгілі бір лексикалық заңдылықтар мен ережелерді меңгерген;

ә) қабылдау үдерістері сөзді анықтаудың алғашқы сәттерінде пайда болады;

б) лексикалық әсерден басқасының бәрін қабылдай алады, өйткені әріптерді сөздерден іздеген кезде бірдей үлгі алынады.

Яғни тіл үйренудегі әрбір қадам үйренушінің танымдық, мінез-құлықтық және қабылдау ерекшеліктеріне сай жүргізілуі тиіс. Бұл өз кезегінде ділдік лексиконның сипатын ашып береді. Сондықтан тіл үйретудегі әдістемені ділдік лексиконмен тығыз байланыста қарастырамыз. Әріптерді қабылдаудан бастап сөйлеуге дейінгі кезеңдерді ғалымдар әр адамның индивидтік ерекшеліктеріне қатысты деп санайды.

Қазақ ағартушыларының ішінде А. Байтұрсынұлынан басқа осы тақырыпта ой қозғаған М. Жұмабаевтың есімін атауға болады. Ол кішкентай баланың тілі қалай шығатынын және оны қалай дұрыс дамыту керектігін бөліп көрсетеді. «Іңгәлау — баланың жанында болған жағымсыз әсерленулерді дыбыспен жарыққа, сыртқа шығарғаны. Екінші айдың аяғында, үшінші айда бала дауысты дыбыстарға бірте-бірте дауыссыз дыбыстар да қоса бастайды. Ең алғаш ерінмен айтылатын дауыссыз дыбыстарды қосады. Сол кезде баланың жанында суреттеулердің, хәм ұғымдардың ұшқындары да бола бастайды. Яғни, маңайындағы заттарға қарап, олардан әсер алып, әсіресе олардың күшті бір сынынан күшті әсер алады да, сол затқа сол баланың қарауында күшті сыны бойынша ат қояды. Яғни сөз жасайды. Мысалы, сиырды «мө» дейді, мысықты «мияу» дейді. Екінші түрлі айтқанда, бала затқа атты сол заттан шыққан дыбысқа еліктеп қояды. Бір жылдың аяғында бала көп сөздерге түсінетін болады. Бірақ өздері айта алмайды. Бір жасар баланың білетін сөздері 10–15-тен артады [16, 41]. Бұл жерде автордың баланың визуалдық қабылдауы туралы айтып тұрғанын байқаймыз. Сондай-ақ, жоғарыда айтқан есту арқылы қабылдаудың түрін жеткізіп отыр. Расында, ділдік лексикон бала кезде құрылады. Ал сөздерді есте сақтауға қатысты мынадай дерек келтіреді: «Жеткен адамның есіне қарағанда баланың есі тым әлсіз. Бала тез ұмытады. 2–3 жасар бала аз уақыт ата-анасынан айырылып тұрса, оларды танымай қалады. 9–12 жасар бала шетелде ана тілін біржола ұмытып қалады. Бала ұмытып қалып, бір нәрсенің атын қайта-қайта сұрай береді, бір көрген нәрсесін қайта-қайта қарай береді. Ес түрлерінен балада есту есінен көру хәм қозғалу есі күшті» [16, 42]. Бұл арқылы М. Жұмабаев ділдік лексиконның қалыптасу жолын, баланың тіл үйрену үдерісін, оған ділдік лексиконның қалай қатысатынын жеткізіп қана қоймай, жалпы, бала тілінің шығуына әсер ететін әртүрлі маңызды дүниелерді атап көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай, ділдік лексиконның лексикадан басты айырмашылығы — жай ғана сөздік қор емес, сөздердің белсенді қолданысы, сақталуы, өңделуі және сөйлеушінің қолдана алуы сынды әрекеттерін қамтуында. Адамның ділдік лексиконы қалай артатындығы, өзгертіндігі жайлы зерттеулер көп. Дегенмен оның нақты қалай қалыптасатындығын түсіндіретіндер аз. Бұл тұрғыдан М. Жұмабаев атын атап, түсін түстеп көрсетпесе де, оның пайда болуы туралы жақсы тұжырым келтіреді. Бастысы оның теорияларын іс жүзінде қолдана аламыз және шын мәнінде бала тілінің дамуына әсер ете аламыз.

Қорытынды

Тілді үйренуде тек сөздерді жаттау жеткіліксіз. Олардың қай кезде қалай қолданылатындығын, синонимдерін, сол сөздермен бірге келетін фразеологизмдерді, т.б. бәрін білу қажет. Ал дәл осындай жолмен сөздік қорды толықтыру бірден жүзеге аса қоймайды. Жаңа сөздерді үйрену, оларды дұрыс

қолдану — әрбір үйренуші үшін әртүрлі деңгейде жүзеге асатын үдеріс. Біз осы ерекшеліктерді ділдік лексикон арқылы қарастырдық. Ділдік лексикон сөздердің жай қоймасы емес. Ол сөздерді сақтаудан бастап оның жарық көруіне дейінгі барлық үдерістерді қамтиды. Қазіргі кезде ділдік лексиконда сөздердің өңделуі, жарыққа шығуы, сөздердің актив және пассив қолданысы секілді үдерістер жақсы зерттелуде. Сонымен, тіл үйренудегі ділдік лексиконның мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

1) Әр адамның мінез-құлықтық, дүниетанымдық, қабылдау ерекшеліктеріне байланысты тілді меңгеру деңгейі түрліше болады. Сондықтан үйренушілердің әрқайсысымен алғашқы сабақ өткізіп, нәтижесінде сабақ әрбіріне бөлек дайындалуы тиіс.

2) Сөздерді жаттау үйренуші үшін оңай болғанымен, жаттығулар сөздерді қолдануға және оның басқа сөздермен лексикалық үйлесімділігін анықтауға бағытталғаны жөн. Себебі сөзді жаттау ділдік лексиконды толықтыру емес. Олар қоймада сақталғанымен, қолданыс деңгейіне жетпеуі немесе жетсе де, дұрыс қолданылмауы мүмкін.

3) Тіл тірі организм болғандықтан, оны үнемі дамытып отыру керек. Ділдік лексикондағы сөздер актив және пассив деңгейде жұмсалады.

4) Лексикалық желілер ең қажетті және күрделі деп танылатын синтагматикалық байланыстарды, сөз белгілі бір құрылымда белгілі бір мағынаға ие болған кезде сөз тіркесі немесе сөйлемнің құрамында қалай қолданысқа түсетіндігін, фонетикалық немесе орфографиялық белгілері бойынша ұқсас сөздерден тұратын ең әлсіз байланыстарды тануға көмектеседі. Сондықтан ділдік лексиконның желілік құрылымы көпөлшемді ретінде көрінеді, сәйкесінше, сөздерді үйрену және есте сақтау — өте күрделі үдеріс.

5) Ана тілмен туыстас тілді үйренуде сөздік қорды толықтыру сәл өзгеше. Ол өзге тілді үйренуге қарағанда әлдеқайда жеңіл жүреді, өйткені ана тіліндегі сөздердің түбін түсіну оңай және оған ми да жаттыққан. Сәйкесінше, мәселен, қазақ тілінде сөйлейтіндерге қырғыз, өзбек, түрік тілдерін үйрену қиындық тудырмайды.

6) Тілді меңгеру деңгейін және психикалық желінің қалай құрылғанын білудің өте қызықты тәсілі — белгілі бір сөздің ассоциацияларын анықтау. Психологтар бұл әдісті бастапқыда психоанализ үшін қолданған, кейін лингвистикада кеңінен қолданыла бастады. Әдістің мәні мынада: үйренушіге сөздер жиынтығы беріледі, ол осы сөздерді оқығанда пайда болған бірнеше ассоциацияларды жазуы керек. Ассоциациядан туындаған алғашқы сөзге назар аудару өте маңызды. Содан кейін оның бастапқы сөзбен байланысын талдау қажет, нәтижесінде лексиканың желілік құрылымы туралы түсінік алуға болады. Бұл өз кезегінде жаңа лексиканы үйрену құрылымының басым құрамдас бөлігі ретіндегі оқу үдерісін түсінуге және жетілдіруге көмектеседі. Оқыту кезінде ділдік лексиконды психикалық лексикамен байланыстыра зерттеу маңызды.

Демек, ділдік лексиконның құрылымын, жүйесін білу тіл үйренуде көмек бола алады. Қазіргі кезде полиглоттар қолданатын біршама әдістер де түптеп келгенде осы терминмен байланысты екендігін аңғара аламыз. Сондықтан бірнеше тіл үйренудің формуласын тапқандар, шын мәнінде ділдік лексиконның қалай жұмыс істейтінін ұғынғандар деп топшылаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Jackendoff R.S. Foundations of Language: Brain, Meaning, Grammar, and Evolution / R.S. Jackendoff. — Oxford University Press, 2002. — 326 p.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.
- 3 Aitchison J. Words in the Mind. An Introduction to the Mental Lexicon / J. Aitchison. — Oxford: Blackwell. — 2017. — P. 15–16.
- 4 Залевская А.А. Слово в лексиконе человека: психолингвистическое исследование / А.А. Залевская. — Воронеж: Изд-во Воронеж. гос. ун-та, 1990. — 208 с.
- 5 Elman J.L. Finding Structure in Time / J.L. Elman // Cognitive Science. — 1990. — Vol. 14. — P. 179–211
- 6 Aitchison J. Words in the mind: an introduction to mental lexicon / J. Aitchison. — Oxford, Basil Blackwell, 1987. — 326 p.
- 7 Chomsky N. The minimalist program / N. Chomsky. — Cambridge. — MA: MIT Press, 1995. — 420 p.
- 8 Assche E. Bilingual word recognition in a sentence context [Electronic resource] / E. Assche, W. Duyck, R. Hartsuiker. — 2012. — Access mode: <http://users.ugent.be/~wduyck/articles/VanAsscheDuyckHartsuiker2012.Pdf>
- 9 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: учеб. пос. / В.А. Маслова. — Минск: ТетраСистемс, 2004. — 256 с.

- 10 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / В.И. Карасик. — Волгоград: Перемена, 2002. — 477 с.
- 11 Попова З.Д. Когнитивная лингвистика / З.Д. Попова, И.А. Стернин. — М.: АСТ; Восток–Запад, 2007. — 315 с.
- 12 Ernestus M. The Recognition of Reduced Word Forms / M. Ernestus, H. Baayen, R. Schreuder. — *Brain and Language*, 2002. — 173 p.
- 13 Harnsberger J.D. Vowel Spaces of Normal-Hearing and Hearing-Impaired Listeners with Cochlear Implants / J.D. Harnsberger, M.A. Svirsky, A.R. Kaiser, R. Wright, D.B. Pisoni // *Research on Spoken Language Processing*. — Indiana University Progress Report, 1999. — 417 p.
- 14 Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика–психология–когнитивная наука / Е.С. Кубрякова // *Вопросы языкознания*. — 1994. — С. 34–47.
- 15 Auganbayeva M. Linguacultural and Cognitive Peculiarities of Linguistic Universals / M. Auganbayeva, G. Turguntayeva, M. Anafinova, M. Kopbayeva, T. Mukashev // *Journal of Psycholinguistic Research*. — 2023. — No 3. — P. 3–19.
- 16 Жұмабаев М. Педагогика / М. Жұмабаев. — Алматы: Шапиян, 2021. — 132 б.

С.А. Кенжеғалиев, Д.Қ. Бергібаева, А.Е. Жартыбаев

Особенности ментального лексикона в обучении языку

Статья содержит общие моменты между описанием ментального лексикона и методикой преподавания языка, информацию о роли и значении ментального лексикона в обучении языку, его структуре и отличиях от словарного запаса. Раскрывает тесную связь диалектного лексикона с лексическими сетями, ассоциативными группами. Описательный метод был выбран в качестве метода статьи. Исходя из этого, статья отвечает на актуальные вопросы, такие как: «Каким образом происходит запоминание новых слов?», «Как они попадают в словарный запас и в активное использование?», «Какие процессы помогают словам превращаться в речь?». Авторы, рассказывая об изучении в отечественной и зарубежной лингвистике ментального лексикона, рассматриваемого в связи с различными областями науки, перечисляют его особенности в обучении языку и определяют основные принципы.

Ключевые слова: ментальный лексикон, лексические сети, семантическая коммуникация, перцептивный словарь, лексическая сочетаемость, методология.

S.A. Kenzhegaliev, D.K. Bergibayeva, A.E. Zhartybaev

Features of the mental lexicon in language learning

The article contains common points between the description of the mental lexicon and the methodology of language teaching, information about the role and meaning of the mental lexicon in language teaching, its structure and differences from the vocabulary. It reveals the close connection of the dialect lexicon with lexical networks and associative groups. The descriptive method was chosen as the method of the article. Based on this, the article answers topical questions such as “How does the memorization of new words occur?”, “How do they get into the vocabulary and into active use?”, “What processes help words turn into speech?”. The article describes the study of the mental lexicon in Russian and foreign linguistics, considered in connection with various fields of science. It lists its features in language teaching and defines the basic principles.

Keywords: mental lexicon, lexical networks, semantic communication, perceptual vocabulary, lexical compatibility, methodology.

References

- 1 Jackendoff, R.S. (2002). *Foundations of Language: Brain, Meaning, Grammar, and Evolution*. Oxford University Press.
- 2 Bajtursynov, A. (2003). *Adebiat tanytqysh. Zertteu men olengder* [Literature guide. Research and poems]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 3 Aitchison, J. (2017). *Words in the Mind. An Introduction to the Mental Lexicon*. Oxford: Blackwel.
- 4 Zalevskaia, A.A. (1990). Slovo v leksikone cheloveka: psiholingvisticheskoe issledovanie [A word in the human lexicon: a psycholinguistic study]. Voronezh: Izdatelstvo Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 5 Elman, J.L. (1990). Finding Structure in Time. *Cognitive Science*, 14, 179–211.
- 6 Aitchison, J. (1987). *Words in the mind: an introduction to mental lexicon*. Oxford, Basil Blackwell.

- 7 Chomsky, N. (1995). *The minimalist program*. Cambridge, MA: MIT Press.
- 8 Assche, E., Duyck, W., & Hartsuiker, R. (2012). Bilingual word recognition in a sentence context. Retrieved from <http://users.ugent.be/~wduyck/articles/VanAsscheDuyckHartsuiker2012.Pdf>
- 9 Maslova, V.A. (2004). *Kognitivnaia lingvistika [Cognitive Linguistics]*. Minsk: TetraSistems [in Russian].
- 10 Karasik, V.I. (2002). *Yazykovoі krug: lichnost, kontsepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse]*. Volgograd: Peremena [in Russian].
- 11 Popova, Z.D. & Sternin, I.A. (2007). *Kognitivnaia lingvistika [Cognitive Linguistics]*. Moscow: AST; Vostok–Zapad [in Russian].
- 12 Ernestus, M., Baayen, H., & Schreuder, R. (2002). The Recognition of Reduced Word Forms. *Brain and Language*, 173.
- 13 Harnsberger, J.D., Svirsky, M.A., Kaiser A.R., Wright R., & Pisoni, D.B. (1999). Vowel Spaces of Normal-Hearing and Hearing-Impaired Listeners with Cochlear Implants. In *Research on Spoken Language Processing*, 417. Indiana University Progress Report.
- 14 Kubrjakova, E.S. (1994). Nachalnye etapy stanovleniia kognitivizma: lingvistika–psikhologiiia–kognitivnaia nauka [The initial stages of the development of cognitivism: linguistics–psychology–cognitive science]. *Voprosy yazykoznaniiia — Questions of linguistics*. Moscow, 34–47 [in Russian].
- 15 Auganbayeva, M., Turguntayeva, G., Anafinova, M., Kopbayeva, M., Mukashev, T. (2023). Linguacultural and Cognitive Peculiarities of Linguistic Universals. *Journal of Psycholinguistic Research*, 3, 3–19.
- 16 Zhumabayev, M. (2021). *Pedagogika [Pedagogy]*. Almaty: Shapiian [in Kazakh].

Information about the authors

Kenzhegalyev, Sayan Akylzhanovich — Candidate of philological sciences, Associate professor, the Head of Kazakh Linguistics Department, Karaganda Buketov University. E-mail: sayan582@mail.ru

Bergibayeva, Dinara Kaldybekkyzy — 2nd year PhD student of “Kazakh Language and Literature” Educational programme, Karaganda Buketov University. E-mail: dinara.kaldybekkyzy@mail.ru

Zhartybaev, Asylbek Yeshenkulovich — Doctor of philology, Professor, the Bolashaq Academy. E-mail: as.zhar@mail.ru